

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 шілдеде № 11763 болып тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 21 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев
2015 жылғы 19 маусым

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 154 бұйрығымен
бекітілген

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-29) тармақшасына сәйкес әзірленген және ауданаралық (қалааралық облысшілік), қалалық және қала маңындағы, сондай-ақ ауданішілік қатынастарда әлеуметтік маңызы бар жолаушыларды ішкі су көлігімен тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Әлеуметтік маңызы бар тасымалдаулар деп халықтың тасымалдауларға қажеттілігін қанағаттандыратын және жергілікті атқарушы органдар айқындайтын жолаушыларды тұрақты қатынаста ішкі су көлігімен тасымалдау танылады.

3. Субсидиялауға әлеуметтік маңызы бар тұрақты маршруттар арқылы тасымалдауды орындау нәтижелері бойынша қалыптасқан тасымалдаушы шығындары жатады.

Тасымалдауды орындаудан келетін шығындар тасымалдаулардан түсетін кірістер мен пайдалану шығыстары сомасының айырмасы ретінде айқындалады.

4. Ауданаралық (қалааралық облысiшiлiк), қалалық және қала маңындағы, сондай-ақ ауданiшiлiк қатынастарда әлеуметтiк маңызы бар маршруттар бойынша тасымалдауды орындайтын тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау жергiлiктi бюджеттен жүргiзiледi.

2. Субсидиялар мөлшерiн айқындау тәртiбi

5. Шығынды маршруттарды субсидиялауға бағытталған сомалар мөлшерiн айқындау мынадай көрсеткiштер:

- 1) маршрут бойынша орындалған тасымалдау үшiн кiрiстер;
- 2) маршрут бойынша тасымалдауды орындау үшiн шығыстар негiзiнде жүргiзiледi.

6. Шығынды маршруттар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушы ай сайынғы кiрiстер көлемiн белгiлейдi және субсидияланатын маршруттар бойынша шығыстар көлемiн айқындайды.

7. Маршруттар бойынша тасымалдауға арналған шығыстарға:

- 1) кеме экипажының, оның iшiнде жолаушыларға қызмет көрсететiн персоналдың жалақы қоры (жалақыға әлеуметтiк есептеулермен бiрге және қызметкерлердi сақтандыру);
- 2) отынға шығындар;
- 3) жағармай материалдарына шығындар;
- 4) кемеге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге шығындар;
- 5) амортизациялық аударымдар кiредi.

8. Тасымалдаушы бiр жылға әлеуметтiк маңызы бар шығынды маршруттар бойынша жоспарланған кiрiстер мен шығыстар сомасын осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкiлеттi органға жiбередi.

9. Тасымалдаушының кiрiстер мен шығыстар көлемдерiн ұсыну дұрыстығын талдауды жергiлiктi атқарушы орган маршрут бойынша жолаушылар ағынын зерттеу және тасымалдаушының шығыстарын растайтын құжаттарды талдау арқылы жүргiзедi.

Тасымалдаушы мен шығынды маршруттар бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға арналған шығыстарды айқындау жөнiндегi жергiлiктi атқарушы орган арасында келiспеушiлiктер туындаған жағдайда, жергiлiктi атқарушы орган тасымалдаушының шығыстарын тасымалдаушының есебiнен аудит белгiлейдi.

10. Жергiлiктi атқарушы орган жыл сайын субсидиялауға жататын әлеуметтiк маңызы бар шығынды маршруттар тiзбесiн әлеуметтiк маңызы бар шығынды маршруттарды субсидиялау жөнiндегi комиссияның (бұдан әрi - Комиссия) ұсынымдары негiзiнде бекiтедi.

Комиссияны жергiлiктi атқарушы орган құрады және консультативтiк-кеңесшi орган болып табылады, оның құрамына жергiлiктi өкiлдi және атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң Мемлекеттiк табыс комитетiнiң және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық органдарының өкілдері, сондай-ақ салалық қоғамдық және кәсіподақ бірлестіктерінің, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдарының өкілдері кіреді.

11. Жергілікті бюджеттен субсидиялар төлеуді ұйымдастыру үшін жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік өтінімді әзірлейді. Бюджеттік өтінім үшін негіз субсидиялауға жоспарланып отырған маршруттар бойынша тасымалдаушының кірістері мен шығыстары бойынша деректер болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджетті жергілікті өкілдік орган бекіткеннен кейін бір ай мерзімде шығынды маршруттар бойынша субсидиялаудың жылдық сомасын бекітеді.

3. Субсидияларды төлеу тәртібі мен шарттары

12. Тасымалдаушы есептік айдан кейінгі айдың 15 күніне дейінгі мерзімде уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ай сайынғы Әлеуметтік маңызы бар шығынды маршруттар бойынша нақты кірістер мен шығыстар туралы есепті жібереді.

Тасымалдаушы шығындардың әрбір бабы бойынша шығыстар туралы растау құжаттарын (орындалған жұмыстар актілері және есеп-фактуралары) ұсынады.

13. Әлеуметтік маңызы бар шығынды маршруттар бойынша жергілікті бюджеттен субсидиялар төлеуді міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына, жергілікті атқарушы орган мен тасымалдаушы арасындағы шартқа сәйкес уәкілетті орган ай сайын жүргізеді.

14. Субсидияларды төлеу:

1) ұйымның басшысы, бас бухгалтері куәландырған және мөрі басылған ай сайынғы Әлеуметтік маңызы бар шығынды маршруттар бойынша нақты кірістер мен шығыстар туралы есеп;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Орындалған жұмыстар актісі;

3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі су көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру бойынша тасымалдаушының тікелей шығыстары тізілімі негізінде жүргізіледі.

Субсидияларды төлеу тиісті бюджеттік бағдарламаларда көзделген сомалар шегінде жүргізіледі.

15. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша ішкі су көлігімен жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылар маршруттар бөлінісінде кірістердің, шығындардың және іске қосылған активтердің бөлек есебін жүргізеді.

16. Маршрутты пайдалану процесінде шарттың талаптарын орындамаған тасымалдаушыларға, сондай-ақ маршрутты пайдалануға құқық жойылған кезде субсидияларды төлеу жүргізілмейді.

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

(ұйымның атауы)
_____ обл. (қаласы, ауданы) бойынша
201 __ жылға арналған

**әлеуметтік маңызы бар шығынды маршруттар бойынша
жоспарланған кірістер мен шығыстардың сомасы**

мың теңге

Маршруттың атауы, №	Еңбекақы	Отын	Жағармай материалдары	ТҚ және ТЖ	Амортизация	Барлық шығыстар	Барлық кірістер	Шығындар
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ұйымның басшысы
М О

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Жолаушыларды тасымалдауды орындау туралы есеп (ай сайын)

1	2	3	4	5	6	7	8	14
Кезең (ай)	Қатынас	Арақашықтық, км.	Жолаушылар айналымы жолаушы, км	1 жолаушының өзіндік құны, км.	Тасымалданған жолаушылар	Маршрут үшін кіріс, мың тг.	Тасымалдаушының шығыстары, мың тг	Шығыстар жиыны, мың тг.

20 __ жылға арналған
(жыл басынан бері)
жолаушыларды тасымалдауды орындау туралы есеп

1	2	3	4	10	11	12	14	15
---	---	---	---	----	----	----	----	----

Кезең (ай)	Қатынас	Арақашық тық, км.	Жолаушылар айналымы жолаушы, км	1 жолаушының орташа өзіндік құны, км.тг	Тасы-мал данған жолаушылар	Маршрут үшін кіріс, мың тг.	Шығыстар жиыны, мың тг	Кірістермен өтелмейтін шығыстар, мың тг		
								Барлығы	Жыл басынан төленген субсидиялар	Субсид жатады

Тасымалдаушы
Бас бухгалтер
М О

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылар шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларына 3-қосымша

нысан

20____жылғы " ____ " _____
Орындалған жұмыстар актісі

Біз, төменде қол қойған

(актілерді қабылдауға жауапты басшының қолы, Т.А.Ә.А.)
бір тараптан және

(басшының, бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.А.)
екінші тараптан, 20____жылдың_____айы үшін осы орындалған жұмыстар актісін жасадық.

Кемелер №	Рейстер саны	Жолаушылар айналымы				Маршрутты субсидиялау сомасы (мың тг.)
		флот үлгісі	флот үлгісі	флот үлгісі	флот үлгісі	
1	2	3	4	5	6	7

Субсидиялау сомасы 20____жылғы_____айға
_____кұрады
(сома цифрмен және жазумен теңгеде)

Тараптардың заңды мекенжайы:
Тасымалдаушы: Атқарушы орган:
ЖСН/БСН ЖСН/БСН
Банк деректемелері Банк деректемелері

(басшының қолы, Т.А.Ә.А.) (басшының қолы, Т.А.Ә.А.)

(бас бухгалтердің қолы, Т.А.Ә.А.) (актіні қабылдауға жауапты
басшысының қолы, Т.А.Ә.А.)

М О М О

Әлеуметтік маңызы бар жолаушылар
тасымалын жүзеге асыруға байланысты
тасымалдаушылар шығындарын бюджет
қаражаты есебінен субсидиялау
қағидаларына 4-қосымша

нысан

_____жылғы _____ ай үшін
(тасымалдаушының атауы)

**Ішкі су көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру бойынша
тасымалдаушының тікелей шығыстарының тізілімі**

(мың теңге)

Кезең	Шығыстар атауы	Шығыс құжаты	Шығыс құжаты бойынша сома	Субсидияланатын тасымалдар бойынша шығыстар сомасы

Басшы _____

Т.А.Ә.А. қолы

Бас бухгалтер _____

Т.А.Ә.А. қолы